КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 13 наурыз №5501-25-00-2/340 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ә.С.Тюлембекова
сот отырысының хатшысы С.К.Курлеутованың қатысуымен
ашық сот отырысында азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«BEWART GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор М.Б.Утетлеуова
Талап қоюшының өкілі А.Х.Бралинова
Жауапкердің өкілі А.А.Шарипов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 19 тамызда «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі» ММ (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) және «BEWART GROUP» ЖШС (бұдан әрі - Өнім беруші) арасында мемлекеттік сатып алу туралы №230-ОК шарт жасалған.

Өнім беруші шарт күшіне енген күннен бастап 120 күн ішінде сүңгуірлік тыныс алу аппаратын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың жалпы сомасы 318 000 000 теңге құрайды.

Шарт қазынашылық органда 2024 жылғы 20 тамызда тіркелген.

2024 жылғы 4 желтоқсанда тауар жеткізілген.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2024 жылғы 5 желтоқсанда тауардың анықталған кемшіліктері туралы акт жасалған.

Тапсырыс беруші жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 4 135 040 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінді. Ол шарт бойынша жауапкер өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған деп көрсеткен.

Жауапкер пікірінде шарттың талаптарын орындамағанын мойындады. Жоба бойынша жалпы шығыны 187 327 754 теңге құрады, тауарды толық көлемде «AlSat&Partners» компаниясынан сатып алынды, өнім спецификалық және халық тұтынуына арналмағандықтан нарықта сатыла алмайды. Компания орасан зор шығынға ұшырап, банкроттықтың алдында тұр деп көрсеткен.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талаптарын қолдап, тауар техникалық ерекшілік талаптарына сәйкес келмейтінін көрсетті.

Жауапкердің өкілі талап қоюшының талаптарын қанағаттандырудан бас тартуын сұрайды. Айыппұл төлеуге мүмкіндік жоқтығын көрсетті. Тауар сатып алынды, компания шығынға ұшырады.

Прокурор талап қоюшының талаптары қанағаттандыруға жатады деп қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 349-бабының 1-тармағында, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Сот тараптардың міндеттемелері 2024 жылдың 19 тамызда шарт негізінде туындағанын анықтады.

2024 жылдың 18 желтоқсанда тауар жеткізу мерзімі аяқталды.

Жеткізілген тауар техникалық ерекшілік талаптарына сәйкес келмегендіктен Тапсырыс беруші оны қабылдамаған. Өнім беруші хатта көрсетілген мерзімде тауарды ауыстырмаған.

Тауардың анықталған кемшіліктері туралы актіде баллоның көлемі мәлімделгеннен төмен, басқа өндірушіден, жапсырма Өнім берушімен орнатылған, жүк белбеуі басқа өндірушімен жасалған, маскадағы таңба

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 19.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.04.2025, судья Тюлембекова А. С., 30.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

өндіруші сәйкестігің растамайды және тағы да басқа кемшіліктер көрсетілген. Жеткізілген тауар техникалық ерекшілік талаптарына сәйкес келмейтінін жауапкердің өкілі жоққа шығарған жоқ.

Сотта анықталғандай, келісім шарттар бойынша жауапкер міндеттемелерін тиісінші орындамаған, Тапсырыс берушіге елеулі зиян келтірілгені анық. Шарт жасасу кезінде ол үміттенген тауардан айтарлықтай айырылды. Шартқа қол кою арқылы жауапкер оның шарттарымен келіскен.

Көрсетілген жағдайларда сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бөлігінде талап қою қанағаттандыруға жатады деген қорытындыға келді.

№2 талап бойынша

ҚР АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7-тармағы 7.3-тармақшасы бойынша Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Талап қоюшының есебі бойынша тұрақсыздық айыбы 4 135 040 теңгені құрайды.

Бұл есеп дұрыс жасалған.

Жауапкер міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға негіздер бар.

Жауапкердің пікірінде көрсетілген уәждері ескеруге мүмкін емес және талапты қанағаттандырудан бас тартуға негіз бола алаймады.

Жауапкердің басқа уәждері сотпен тексерілді және дәлелді емес.

Белгіленген мән-жайларды ескере отырып, талап қою толық көлемде қанағаттындыруға жатады.

АПК-нің 109-бабы бойынша жауапкерден мемлекеттің пайдасына 126 017 теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 19.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.04.2025, судья Тюлембекова А. С., 30.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі» мемлекеттік мекемесінің «BEWART GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою қанағаттандырылсын.

«BEWART GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«BEWART GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 4 135 040 (төрт миллион жүз отыз бес мың қырық) теңге тұрақсыздық айыбы және 126 017 (жүз жиырма алты мың он жеті) теңге мемлекеттік баж төлеу сомасы өндірілсін.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья Ә.Тюлембекова

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 19.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.04.2025, судья Тюлембекова А. С., 30.04.2025

5501-25-3-1/326